

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (3)
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2022
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieвна — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyzzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 3, pp. 479–494, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_35_3_479-494


CONSEQUENCES OF THE GRAIN AND MEAT PROCUREMENT CAMPAIGN IN THE 1920S–1940S

Berlibaev Erdaulet^{1*}, Zhubanyshov Berik², Shamshidenova Fakiya³

¹Kazakh National Women's Teacher Training University

(114, Gogol Str., 050002 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor


 <https://orcid.org/0000-0001-6912-2928>. E-mail: turbekuly.e@mail.ru

*Corresponding author

²Kazakh National Women's Teacher Training University

(114, Gogol Str., 050002 Almaty, Republic of Kazakhstan)


Candidate of Historical Sciences

 <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

³Almaty Technological University

(100, Tole bi Str., 050012 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

 <https://orcid.org/0000-0003-4323-7131>. E-mail: fakiya.sh.1960@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023

© Berlibaev E., Zhubanyshov B., Shamshidenova F., 2023

Abstract. *Introduction.* The history of the policy of the Bolsheviks in the 20–40s of the twentieth century, based on coercive violence, is a hot topic that needs to be supplemented with new research. The introduction of new sources of this period into scientific circulation is of great importance in educating the younger generation by clarifying the authenticity of our national history. The Soviet totalitarian leadership in the 1920s–1940s planned to speed up the grain procurement and livestock campaign in a short time. Representatives of the administrative leadership widely used the methods of mass arrests, searches and violent coercion. Mass searches of population were carried out with the seizure of people's property and punishment by classifying them as wealthy kulak elements. Pressure on the masses, negligence and exaggeration, underestimation of the case, irresponsibility of officials of the authorized body caused great political damage, which in no case can be justified. As a result, criminal acts were committed in the implementation of the instructions of the Bolsheviks in the preparation of grain and meat, which destroyed the traditional way of life of the Kazakh people and led to a catastrophe unprecedented in history. *Goals and objectives.* To show the consequences of the grain and meat procurement campaign of the 1920s–1940s on the basis of archival data. It is clear that this campaign, followed by punitive measures carried out at the state level, led to grave consequences that completely destroyed the traditional economy of our people. *Results.* Thousands of innocent people became victims of the desire to destroy in a short period of time the values of the people, which have been preserved for centuries. The most tragic period is considered to be political persecution during this period, when the “Troika”, “Five”, Special Councils illegally

carried out activities that contradicted the principles of international law, recognized as universal principles of humanity in relation to the history of the Kazakh people. *Conclusion.* On the basis of new archival documents, the article proves the consequences of the grain and meat campaign in the 1920–1940s. We believe that this sad period in our people's history should at least attract the attention of the world community.

Keywords: District, campaign, confiscation, collectivization, genocide, conference, fist

For citation: Berlibaev E., Zhubanyshov B., Shamshidenova F. Consequences of the grain and meat procurement campaign in the 1920s–1940s // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 3. Pp. 479–494 (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_479-494


XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АСТЫҚ, ЕТ ЖИНАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Берлібаев Ердәулет^{1*}, Жұбанышов Берік², Шамшиденова Факия³

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(114-үй, Гоголь көш., 050002 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент


 <https://orcid.org/0000-0001-6912-2928>. E-mail: turbekuly.e@mail.ru

*Автор-корреспондент

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

(114-үй, Гоголь көш., 050002 Алматы, Қазақстан Республикасы)


Тарих ғылымдарының кандидаты

 <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

³Алматы технологиялық университеті

(100-үй, Төле би көш., 050012 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

 <https://orcid.org/0000-0003-4323-7131>. E-mail: fakiya.sh.1960@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов ТЭИ, 2023

© Берлібаев Е.Т., Жұбанышов Б.Т., Шамшиденова Ф.М., 2023

Андатпа. *Kipicne.* XX ғасырдың 20–40 жж. большевиктердің күштеу әдісімен зорлық-зомбылыққа негізделген саясаты бүгінгі күнге дейін үнемі жаңа зерттеулерді қажет ететін өзекті тақырып. Бұл кезең туралы жаңа деректердің ғылыми айналымға енгізілуі ұлттық тарихымыздың шынайылығын айқындап жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Кеңестік тоталитарлық басшылық 20–40 жж. астық дайындау, мал дайындау науқанын аз уақытта жүзеге асыруды тездетіп өткізуді жоспарлады. Әкімшілік-әміршілік жүйеге негізделген басшылық өкілдері жаппай қамауға алу, тінту жүргізу, зорлық-зомбылықпен еріксіз күштеу әдістерін кеңінен қолданды. Тұрғындарды жаппай тінту мүліктерін тартып алу және оларды кулак бай элементтер қатарына жатқызып жазалау әдіс тәсілдерін жүргізіп отырды. Бұқараға қысым көрсету, немқұрайлылық пен асыра сілтеушілік істі жете бағаламау, өкілетті орган қызметкерлерінің жауапкершілік сезімінің болмауы барлық жағдайда ақтауға болмайтын үлкен саяси зиян келтірді. Осының салдарынан большевиктердің астық ет дайындау барысындағы бағытын іске асыруда қылмыстық әрекеттер жасалып, ол қазақ халқы тіршілігінің дәстүрлі жүйесін күйретіп тарихта бұрын соңды болмаған апатқа әкелді. *Мақсаты мен міндеттері.* XX ғасырдың 20–40 жж. астық, ет жинау науқанының зардаптарын архив деректері бойынша көрсету. Мемлекеттік деңгейде жүргізілген жазалау шараларына ұласқан бұл науқан халқымыздың дәстүрлі шаруашылығын түп-тамырымен күйреткен аса ауыр зардаптарға әкеп соққанын айқындау. *Нәтижелер.* Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан халықтың заңдылықтарымен құндылықтарын қысқа уақытта жоюға ұмтылушылықтан мындаған адам жазықсыз құрбан болды. «Үштіктік», «Бестік», «Айырықша кеңестер» жазалау ісіне қатысты адамгершіліктің жалпы адамзаттық қағидаларымен танылған халықаралық құқық қағидаларына қайшы келетін шараларды

жүзеге асырды. Заңсыз өз бетінше жүргізген осы кезеңдегі саяси қуғын-сүргін қазақ халқының тарихында ең қасіретті, қайғылы кезең саналады. *Қорытынды.* Мақалада ХХ ғ. 20–40 жж. астық, ет дайындау науқанындағы асыра сілтеушілік зардаптары жаңа архивтік деректермен дәлелденді. Осы орайда, халқымыздың басынан өткен осы қайғылы кезеңге әлем жұртшылығының назарын аудару маңызды деп санаймыз.

Түйін сөздер: Округ, науқан, тәркілеу, ұжымдастыру, геноцид, конференция, кулак


Дәйексөз үшін: Берлібаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жұбаньшов Б.Т. ХХ ғасырдың 20–40 жылдарындағы астық, ет жинау науқанының зардаптары // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 3. 479–494 б.б. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_479-494

ПОСЛЕДСТВИЯ ЗАГОТОВИТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ ЗЕРНА, МЯСА В 20–40-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА

Берлибаев Ердаулет^{1}, Жубаньшов Берик², Шамшиденова Факия³*

¹Казахский национальный женский педагогический университет
(д. 114, ул. Гоголя, 050002 Алматы, Республика Казахстан)


Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0001-6912-2928>. E-mail: turbekuly.e@mail.ru

*Автор-корреспондент


²Казахский национальный женский педагогический университет
(д. 114, ул. Гоголя, 050002 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук

 <https://orcid.org/0000-0001-9566-1634>. E-mail: mr.berik1973@mail.ru

³Алматинский технологический университет
(д. 100, ул. Толе би., 050012 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0003-4323-7131>. E-mail: fakiya.sh.1960@gmail.com

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Берлибаев Е.Т., Жубаньшов Б.Т., Шамшиденова Ф.М., 2023

Аннотация. *Введение.* История политики большевиков в 20–40-е годы ХХ века, основанная на принудительном насилии является актуальной темой, которая требует раскрыть новые источники и дополнить новыми исследованиями. Введение в научный оборот новых источников этого периода имеет большое значение в воспитании подрастающего поколения, показать историческую правду нашей отечественной истории. Советский тоталитарный режим в 20–40-х гг. запланировал в короткий срок ускорить проведение хлебозаготовительной и животноводческой кампании. Представители административного руководства широко применяли методы массовых арестов, обысков и насильственного принуждения. Проводились массовые обыски жителей и были изъяты их имущества, они были включены к числу кулацких элементов. Давление на массы, халатность к работе, недооценка дела, безответственность должностных лиц уполномоченных органов нанесли большой политический ущерб, который ни в коем случае не подлежит оправданию. В результате этого были совершены преступные деяния в реализации указаний большевиков при заготовке зерна и мяса, что разрушило традиционный строй жизни казахского народа и привело к невиданной в истории катастрофе. *Цель и задачи.* Показать последствия хлебо-мясной заготовительной кампании 20–40-х годов ХХ века на основе архивных данных. Эта кампания, за которой последовали карательные меры, проведенные на государственном уровне, привели к тяжелым последствиям, полностью разрушившим традиционное хозяйство нашего народа. *Результаты.* Тысячи ни в чем не повинных людей стали жертвами за короткий промежуток времени уничтожить ценности народа, которые сохранялись веками. Наиболее трагическим периодом было то,

когда «Тройка», «Пятерка», «Особенные советы» незаконно проводили мероприятия, противоречащие принципам международного права, общечеловеческим принципам гуманности в отношении истории казахского народа. *Заключение.* В статье на основе новых архивных документов доказаны последствия хлебо-мясной кампании в 20–40 гг. XX в. Мы считаем, что этот трагический период в истории нашего народа должен как минимум привлечь внимание мировой общественности.

Ключевые слова: Округ, кампания, конфискация, коллективизация, геноцид, конференция, кулак

Для цитирования: Берлибаев Е., Жубанышов Б., Шамшиденова Ф. Последствия заготовительной кампании зерна, мяса в 20–40-е годы XX века // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» 2023. Т. 10. № 3. С. 479–494 (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_479-494

Кіріспе

Тарихымызда терең із қалдырған XX ғ. 20–40 жж. большевиктердің күштеу әдісімен зорлық-зомбылығына негізделген саясаты отандық тарихнамада күрделі мәселелердің қатарында. Көрсетілген тарихи кезеңдегі саясаттың кесірінен туындаған ауыр зардаптарға қатысты деректер объективті зерделеніп, ақиқаттылығына жету маңызды. Өз кезегінде бұл ұстаным кеңестік кезеңдегі тарихты зерттеумен байланысты басты бағыт болып табылады. Ұсынылып отырған кезең туралы жаңа деректердің ғылыми айналымға енгізілуі ұлттық тарихымыздың шынайылығын айқындап жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Сондықтан большевиктердің күштеу әдісімен зорлық-зомбылыққа негізделген саясатының зардаптары ақиқат пен шынайылыққа негізделген жаңа деректер негізінде тікелей зерттеуді қажет етеді. Кеңестік тоталитарлық басшылық 1920–1940 жж. астық дайындау, ет дайындау науқанын жүзеге асыруды тездетіп өткізуді жоспарлады. Бірақ оның нәтижесінің ауыр зардаптары біржақты сипатталды немесе халыққа жарияланбады.

Тоталитарлық әдіске негізделген билік қанша жасырып қымтағанымен еліміздің тәуелсіздік алуымен мұрағаттардағы құпия құжаттармен зерттеу жұмыстарын жүргізудің жаңа мүмкіндігі туып отыр. Ел тарихының қарастырып отырған кезеңіне байланысты жаңа деректермен мәліметтер халыққа жариялануда. Қазіргі кезеңде осы мәселелер тарихын қайта қарастырып, жаңа құнды деректерді сараптамадан өткізуді қажет етіп отыр. Большевиктердің қоғамдық саяси қызметін жан-жақты зерттеп жаңа құндылықтар бойынша тұжырымдармен қорытындылар жасау қажет. Осы мақсат бүгінгі жастарымыздың рухани жағынан оянуына, еліміздің іргесін нығыздап тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет етеді. 1920–1940 жж. кеңестік әкімшілік әміршілдік басқару әдісіне сүйенген билік қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру дағдысын қысқа уақытта басқа бағытқа бұруға ұмтылыс жасады. Мұның өзі осы кезеңдегі қазақ тарихын қайғы мен қасіретке алып келді. Отан тарихындағы көмескі беттерді қайта қарастыру, бұрмаланған фактілердің ақиқатын айқындау, жаңа тұжырымдарды жасауды қажет етеді. Осы маңызды мәселелердің дұрыс шешілуі ақиқатқа негізделген мемлекетіміздің тарихының жазылуына септігін тигізеді. Сондықтан, халқымыздың басынан өткен осы қайғылы кезең әлем жұртшылығының назарын аударуы керек.

Материалдар мен әдістері

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының даму барысымен тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі тарихи ұстаным басшылыққа алынып, әдістемелік және теориялық өркениеттік даму бағыттары қамтылды. Қарастырылған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 1380-қор құжаттары және Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 141-қорынан алынған мәліметтер құрайды.

Жеке қор құжаттарын талдаудың өзіндік теориялық және методологиялық ұстанымдары бар. Осыған орай зерттеу жүргізудің негізі ретінде деректану мәселелерін дамытуды зерделейтін заманауи идеялар мен ғылыми тұжырымдамалар алынды. Зерттеудің методологиялық негізіне деректерді адамның, тұлғаның өзіндік шығарамашылық әлеуетін және ақпараттық қорын материалдық түрде іске асыратын, мәдени нысан ретінде зерттейтін феноменологиялық тұжырымдама алынды. Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік таным принциптері, сонымен қатар жалпы ғылыми логикалық, классификациялық, контент-талдау, факторлы талдау, мәтіндік талдау және арнайы деректанулық жүйелеу және сыныптау, салыстыру, сынау, таңдаулы синхронды және диахронды, отандық және шет

елдік ғалымдардың деректанудың теориясы мен методологиясы бойынша жарияланған еңбектерінде негізделген өзге де әдістер қолданылды. Тарихи деректерді өткен кезең туралы мәліметтерді тасушы ретінде, ондағы объективтілік пен субъективтіліктің байланысы, тарихи фактінің шынайылығын анықтау, деректердің түрлері мен мазмұны, олармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері қоса пайдаланылды.

Зерттеу жұмысында жүйелілік, салыстырмалы тарихи талдау, проблемалық зерттеу, тарихи принцип толық қамтылды

Талқылау

Академик М.Қ. Қозыбаев тарихшылардың жарты ғасырдан астам идеология мен психологияның шырмауында болғанын атап өтеді (Қозыбаев, 1992: 5). Ал тарихшы ғалым К.Н. Нұрпейісов әлеуметтік тегі әркелкі қазақ интеллигенциясының саяси күресіне жан-жақты баға берген (Нұрпейісов, 1995: 3). Көрнекті ғалым Т. Омарбеков осы кезеңді «Аласапыран оқиғаларға, қасіреттер мен айшықты құбылыстарға толы кезең деп баға берген (Омарбеков, 2004: 3). А. Сейдімбек, Х. Әбжанов, Қ. Салғараұлы (Сейдімбек және т.б., 2012) осы кезеңге қатысты ғылыми тұжырымдар жасаған. XX ғасыр басындағы құпия кеңестер туралы М. Қазбек (Қазбек, 1999: 39), А.Ш. Махаеваның (Махаева, 1995) әкімшілдік жүйенің салдары туралы еңбегін атап өтуге болады. Ф.А. Қозбақова әкімшілдік жүйенің салдары туралы зерттеу жүргізген (Қозбақова: 2011), Бұл ғылыми жұмыстардың барлығында қазақ зиялыларының қилы тағдыры, өмірі мен қоғамдық-саяси қызметтері, атқарған істері талданған.

Ғалым Фридрих Август фон Хайек (Науес, 1994) 1930 жылдардағы социализмнің экономикалық негіздеріне талдау жасаған. Танымал тарихшы Ханна Арентт (Арендт: 1996) тоталитаризмнің басты ерекшелігі – заңсыздықтың шектен шыққан түрі деген идеясын ұсынған.

Британдық ғалым «Кеңестік тарих» мамандығы бойынша тарих ғылымдарының докторы Роберт Конквест (Conquest, 1990) КСРО-дағы тоталитарлық тәртіпті зерттеп, қуғын-сүргіннің ауқымы туралы пікірталастарға бастама жасайды. Қорыта келгенде, жоғарыда аталған зерттеулердің өзіндік ғылыми маңыздылығы бар. Алайда бұл біз қарастырып отырған кезеңді зерттеу толық шешілді дегенді білдірмейді. Дегенмен бұл еңбектер біз үшін маңызды және бұдан кейінгі зерттеулерге негіз болып, біз қарастырып отырған тақырыпқа қатысты маңызды оқиғаларды ашады. Біз зерттеу мақаламызда тақырыпқа қатысты мәселерді жаңа мұрағаттық тың деректермен қарастыру мақсат етілді.

Нәтижелер

2020 ж. 24 қарашада мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы жарлыққа қол қойды. Заң бәріне ортақ, оған биліктегі азаматтар да, қоғам белсенділері де бірдей бағынуға тиіс. 2022 жылдың 1-қыркүйегінде Президент Жолдауының негізгі көздеген нысанының бастысы саяси жаңғыру және адам құқығын қорғау болды: «Көптеген мемлекетте Конституциялық сот институты бар. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды». Осыған байланысты елімізде Конституциялық сот құруды ұсынды. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам (Тоқаев, 2022).

Осы орайда 1920–1940 жж. астық, ет дайындау науқанындағы асыра сілтеушіліктен ғасырлар бойы сақталып келе жатқан адамзаттың заңдылықтар мен асыл құндылықтардың сақталмауынан мыңдаған адам жазықсыз жазалау мен қуғын-сүргіннің құрбанына айналды. Осы кезеңдегі саяси қуғын-сүргін қазақ халқының тарихында ең қасіретті кезең саналады. Патша құлаған соң бұрын бұратана саналған ұлттарды басып-жаншу тоқтады деп санаған дала жұрты XX ғ. алғашқы кезеңінде еркіндікке жеттік деп қуанды. Енді жаңа өмірге бейімделіп, кеткен кемшіліктердің орнын толтырып, ел болуға тырысып жатқан. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылмады жағдай күрт өзгеріп басқаша сипат алып түсінбейтіні көп нағыз нәубет басталды да кетті. 1928 ж. 27 тамызды «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 ж., 13 қыркүйекте «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және 1930 ж. 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөнінде шаралар туралы қаулылардың

кабылдануы қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өмір тіршілігін бұзуға бағытталды. Бұл кейін қиянатқа орын беріп орны толмас нәубәтқа жол бастады.

Зерттеліп отырған мәселеге қатысты ҚР ОМА-да арнайы қорларда сақталған. Қор аты Қазақ АКСР Халық Комиссарлары жанынан құрылған «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру комитеті» деп аталады. Қазақ халқын отырықшыландыруға байланысты құжаттар № 1179 отырықшыландыру комитеті қорында топтастырылған. Бүкіл қор материалдары 6 тізімдемеге жіктелген. Бірінші тізімдемеде 112-іс, екінші тізімдемеде 17-іс, үшіншіде 69-іс, төртіншісінде 40-іс, бесте – 96-іс тіркелген. Республика Президенті мұрағатында 141 БК(б)П өлкелік комитеті қорында жинақталған. Осы сақталған жаңа деректер зерттеліп отырған кезеңнің тарихи мәнін жаңаша қарастыруға мүмкіндік берді.

БК(б)П-ның Қазақ өлкелік партия комитетінің (Казкрайком) бірінші хатшысы Ф. Голощекин 1926 ж. VI – Бүкіл қазақ партия конференциясында сөйлеген сөзінде: «Шабындық жерді қайта бөлу. Кіші қазан төңкерісі дегеніміз осы деп көсемсіген. (Голощекин, 1928: 74). Осыдан кейін қазақтар жері бұрын соңды болып көрмеген әлеуметтік тәжірибе жүргізетін аймаққа айналды. Бұл зұлматтың ауқымы орасан зор болғандықтан біз оны геноцит саясатының көрінісі деп бағалауымызға толық негіз бар.

Жазықсыз қырғынның қолдан жасалуы қылмыс. Ол туралы халықаралық шаралар бар. Өкініштісі бұл қайғы қасіреттің нағыз себептері біздің қоғамдық санамызға әлі толық жетпеген. Халықтың геноцитке ұшырауына себепкерлер толық анықталды деуге бола ма? Бұл зұлматтың басы большевиктік режим дүниеге келген кезеңнен басталды. Қазақ халқының дәстүрлі өміріне алғашқы соққы бай жартылай феодал шаруашылықтарын жою, «кулакты тап ретінде жою шаралары мемлекеттік деңгейде жүргізіліп, шаруаларға қарсы жазалау шараларына ұласқан науқан халқымыздың дәстүрлі шаруашылығын түп-тамырымен қиратқан зардаптарға әкеп соқты.

1927 ж. қарашада Қазақстанда VI-партия конференциясы байларды тәркілеу туралы мәселені талқылап, ірі байлардың малы мен құралының бір бөлігін тартып алу ауылды орташаландырып, ауылдағы еңбекші бұқарамен одақты күшейтеді деп есептелінді. 1927 ж. 27 тамызда кеңестік билік, «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулы қабылдады. Округтерге тәркілеуді жүзеге асыруға мыңнан астам уәкілдер жіберілді. Бұған қосымша жәрдем беру комиссияларында 4700 адам жұмыс істеген. Бірақ өкініштісі бұл уәкілдердің көбі істі асыра сілтеушілікке жол берген. Еңбекші халыққа менсінбей қарау, кемсіту сияқты жайсыздықтың орын алуын істің көбі жалған ақпарат берумен шектелгенін баяндайтын ақпараттардан байқаймыз. Бұл жөнінде қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың ұжымдастыру барысы туралы пікірі дәлел бола алады: Кейбір тәркілеу компанияларының округтік комиссарлары Қосшы Одағының бірде-бір партиялық немесе ауылдық жиналыстарын өткізбей, бүкіл аудан бойынша тәркілеу шараларын жүргізе берген. Мұндай ресми шаралардың өткізілмеуі еңбекшілерге жоғарыдан әкімшілік үстемдік ету немесе оларды мазақ етумен бірдей болды. (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2065-іс. 7-п.). Тәркілеу науқаны барысында жаппай жүгенсіздік орынсыз озбырлық орын алды. Таяу мерзімде тәркілеу нәтижесінде аймақтың округтерінен 148 адам тұтқындалды. Олардың 69-ның ісі сотқа берілген. (ҚР ОМА. 75-қ. 21-т. 15-іс. 49-п.). Қазақстанның сол тұстағы 12 округы бойынша тәркілеуге әрі жер аударылуға тиіс 700-дей шаруашылық бар болатын.

1928 ж. Өлкелік партия комитетінің ұжымдастыру туралы мәжілісте: Голощекин: «... конфискацию мы должны провести через казахскую бедноту но без ГПУ не обойдется» дегенінен жазалаушы органдардың жұмысына ерекше мән берілгенін көреміз (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2261-іс. 49-п.).

1928 жылы тамызда Қазақ өлкелік партия комитетінің Бюросында тәркілеудің мөлшері қалай жүргізілетіні қаралып бекітілді. Шешімді шұғыл жүзеге асыру үшін арнайы мәжілісте ауылды кеңестендіруге кедергі келтірген жартылай феодалдық патриархалдық және рулық қатынастарды сақтап қалуға тырысушы ірі байлардың мүлкін тәркілеу және жер аудару қаралып қаулы қабылданды. Белгіленген қаулыны жүзеге асыру жүктелген органдарға төмендегілерді басшылыққа алуды ұсынылды:

1. Жер аударуға жатқызылатындар:

а) көшпелі аудандарда 400 бастан астам, жартылай көшпелі аудандарда 300-бастан астам, отырықшы аймақтарда 150-ден астам малы бар байлар. (Ірі қараға шаққанда) Бұлар айналасындағылармен қарым-қатынаста рулық артықшылықтарын пайдаланып экономиканың дамуына ауылды кеңестендіру ісіне кедергі келтіреді деп есептелді

б) Кейбір жағдайларға байланысты жергілікті билік әлеуметтік қауіпті деп танылған адамдардың ірі қара мал саны жоғарыда көрсетілген нормадан аз болса да жер аудару қарастырылды.

в) Бұрын өз позициясы бойынша артықшылықты топтарға жататын адамдар: Сұлтан, хан ұрпақтары, патша үкіметінен арнайы марапаттарына ие болған бұрынғы атағы, медальдары арнайы грамоталары т.б. артықшылықтары бар билеушілер. Бұл адамдар мүліктік жағдайына қарамастан шығарылуға жатады. Бұл адамдарды көшіру тек аудандық атқару комитеттерінің ұсынысы бойынша КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің арнайы қаулысы бойынша аудандық комиссиялардың қаулылары бойынша шығарылуға жатқызылды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2281-іс. 25-п.).

Осы науқан қорытындысы туралы деректерден 696 шаруашылық тәркіленген. Мұның 619-ы округтен тыс аймақтарға жер аударылған. Бұлардан ірі қараға шаққанда 145 мың мал алынып, 114 мың кедей қожалықтары арасында қайта бөліске түсті делінген. Байлардан 633 киіз үй, 475 үй 44 камба, 534 қора қопсы, 108 соқа, 113 тырма, 248 пішен шапқыш 1367 арба тартып алынды. Шаруашылықтарға «тең» бөлу формальды түрде болғаны деректерден белгілі болып отыр. Шаруалардың көбі бірен-саран алған малдарын сойып жеп немес сатудан басқа амалдары қалмады.

Бай ауқатты шаруашылықтардың жойылуы ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі шаруашылықтың бұзылуына алып келді. Байлардың малын тәркілеу орташалардың әл-ауқатын арттыруға бағыттталып еді бірақ керісінше шаруашылық күйзеліске ұшырады.

Шаруаларға ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау науқаны, ауыр салық саясаты өте ауыр соққы болып тиді. Биліктің барлық тармағы партияның қолшоқпарына айналып, ақылға симайтын тапсырмалар берілген. Елдің әртүрлі өңірлерінде астық туралы жазбасында коммунистер көсемі Ленин Қазақстанға сілтеме жасай отырып: «Астық шаруалардан түгелімен сыпырып алынды. Түк қалған жоқ...» (Ленин, 1963: 13) дегенді айтады. Мұның өзі осымен күн көріп отырған халықтың болашағына балта шабумен бірдей болды. Мұны кейінгі науқандардан анық байқаймыз. Астық дайындау науқандарын жүргізу әдістері тікелей зорлық зомбылықпен жүргізілді. Астық жинау өкілдеріне берілген нұсқау тікелей озбырлықпен зорлыққа негізделді. Академик М.Қ. Қозыбаев тарихшылардың жарты ғасырдан астам идеология мен психологияның шырмауында болғанын атап өтеді. Кеңестік тоталитарлық коммунистік басшылық астық дайындау, мал дайындау, көктемгі егіске дайындық экономикалық саяси науқандарын сәтті өткізу үшін қаражатты жұмылдыру және жаппай қоғамдық насихат жұмыстарды кеңінен өрістетуді барлық БК(б)П-ны арнайы өкілетті уәкілдеріне берілген тапсырманың орындалуын міндеттеп отырды. БК(б)П аудандық комитеттерінің бұқаралық-қоғамдық жұмысты өрісету туралы бірнеше рет қабылдаған шешімдері мен нұсқауларына қарамастан, өкілетті органдар тарапынан бұқараны жұмылдырудың әдістерін әкімшілік күштеу әдістерімен жүзеге асырып отырды. Негізінен әкімшілікпен айналысатын уәкілдер жаппай қамауға алу, тінту жүргізу, колхоздарды жеткілікті негізсіз және ауданның арнайы шешімінсіз тарату әдістерін кеңінен қолданды. Кедейлер мен орташаларды да тұтқындаудың көптеген жағдайлары орын алды. Тұрғындарды жаппай тінтіп мүлкі тартып алынды. Іс жүргізуде орташа кейде кедей шаруаларды да кулак бай элементтер қатарына жатқызып жазықсыз жазалау әдіс тәсілдері қолданылды. Кедейлер мен орта тұрғындарға қатысты бұл жағымсыз қатынастар саяси сауатсыздық пен халық бұқарасының әлеуметтік жағдайын дұрыс бағаламаудан туындап жатты. Бұқараға осылайша қоғамдық жаппай қысым көрсету, істі көбінесе әкімшілік әдістермен жүзеге асыру немқұрайлылық пен асыра сілтеушілік істі жете бағаламау және өкілетті адамдардың ауылдық әкімдермен және ауылға жіберілген орган қызметкерлерінің жауапкершілік сезімінің болмауы барлық жағдайда ақтауға болмайтын үлкен саяси зиян келтірді. Өйткені олардың барлық іс әрекеті партияның саясатына қайшы келеді деп қарастырылды. Мұның өзі үлкен наразылықтарды туғызып аса зор зардаптарға әкелетін шаралардың туындауына басты себеп болды.

Кулактар мен байлармен ауқатты адамдарға қатысты жүргізілетін репрессиялық шаралар кедейлер мен орташаларда да қатар жүргізілуі билік басындағылар үшін зардабы ауыр наразылықтарды туындатуы мүмкін еді. Осы себептерге байланысты мәселені тез арада шешу қажет болды. Сондықтан құпия түрде кедейлер мен орта тұрғындарға қатысты жіберілген қателіктерді дереу түзету үшін арнайы нұсқаулықты басшылыққа алу тапсырылды. Бұл құжаттардың шекесінде құпия деген сөз жазылып мөр басылған. Мұрағат қойнауындағы деректердегі осы нұсқаулықтың мазмұны мынадай: «Құпия түрде шұғыл кедейлер мен орта тұрғындарға қатысты жіберілген қателіктерді дереу түзетіп, келесі нұсқауларды басшылыққа алу жүктелді.

1. Таяу күндері барлық ауылдарда колхозшылар мен кедейлердің, жалғыз басты орта тұрғындардың, әйелдер мен жастардың кең жиындары өткізілсін, онда астық жинау, мал дайындау жоспарларын толық орындау, қаражатты жұмылдыру және егіс компаниясына дайындықтың маңыздылығы кеңінен түсіндірілсін.

2. Ұжымшарлардың артықшылықтары мен үздіксіз ұжымдастыру негізінде жетістіктер туралы жеке адамдардың арасында түсіндіру жұмыстарын өрістетуге.

3. Барлық ұйымдарда социалистік экономикалық құрылысты тежеуге тырысатындармен аяусыз күрес жүргізу.

4. Кедейлер мен орташалар тұрғындарға репрессиялық шаралар қолдануды үзілді-кесілді тоқтату. Кедейлер мен орта тұрғындарды ерікті түрде тұтқындауға жол бермеу.

5. Кедейлермен орташалар арасында артық астық іздеу мақсатында жүргізілетін жаппай тінту шараларын шұғыл түрде тоқтату. Бұл шараны байларға ғана қолдану.

6. Жасырын астық сақтаушыларды кедей және орта тұрғындардың белсенділерімен жаппай жұмыс негізінде анықтауға қол жеткізіп анықталғандарды қатаң жазалау. Жасырын астықты сақтаудың барлық түріне осындай қоғамдық пікір қалыптастыру. Крайкомның тапсырмасы бойынша астық жинау жоспарын орындау (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4937-іс. 83-п.).

Мұның өзі тоталитарлық коммунистік әміршілдік әкімшілдік биліктің өз қателіктерін тездетіп түзетіп халықпен қайта байланыс жасауға ұмтылысының өзіндік құйтырқы әдістерінің бірі болды деп қорытынды жасауға болады. Осындай келеңсіз жағдайлардың орын алуын танымал тарихшы Ханна Арендт (Арендт, 996: 43) тоталитаризмнің басты ерекшелігі-заңсыздықтың шектен шыққан түрі деген идеясын ұсынған.

Колхоз қозғалысындағы асыра сілтеушілікті түзетудің басталуы Сталиннің 30 жылғы 2 мартта «Правда» газетінде және 17 наурызда қазақстанның өлкелік газеттерінде жарияланған «Головокружение от успехов» атты әйгілі мақаласынан кейін басталды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2281-іс. 25-п.). «Артық астығы бар және оны астық құю пункттеріне тасып апармаған барлық адамдар халық жаулары деп танылып, революциялық сотқа берілсін және кемінде 10 жыл түрмеге отырғызылып, бүкіл мүлкі тәркіленіп, қоғамнан біржолата қуылсын...» (Ленин) (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 385-п.). Осы шаралардың заңсыздық сипатын жасыру үшін өкімет орындары «товар бағасын қасақана арттырған, немесе оны жасырғаны, рынокқа шығармағаны үшін» қылмыстық жазаға тартатын РКФСР Қылмыстық кодексінің 107-бабының және «жалпы міндеттерді атқарудан бас тартқаны үшін» қылмыстық жауапкершілікті көздейтін РКФСР Қылмыстық кодексінің 61-бабының күшін қолданды. Сот органдары шектен шыққан қатігездікке барды олардың көбінің нақты біліміде болмаған осы себептерден жиі заң бұзушылық орын алып отырды. Алматыдағы партия мұрағатында бұған қатысты құжаттар өте көп кездеседі. Кейбір жекелеген аудандарда кеңестік биліктің жазалау органдарының саясатында еш шектеудің болмағанын көруге болады. Сот істерін қайта қарағанда бірнеше пұт астық жоспарын орындамағаны үшін сотталғандар саны өте көп кездеседі. Алматы округінде өлкелік органдардың бірнеше рет қатаң тыйым салуына қарамастан, сот үкімі бойынша Карелияға және КСРО-ның басқа жерлеріне 1000-ға жуық сотталушы отбасыларымен, жас балаларымен бірге жіберілді. (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 245-іс. 5–9-пп.). Толық мүлікті тәркілеуде шыны-аяқ пен қасыққа дейін тәркілеу жүргізілген. Астық өткізбегендердің бәрі кулак қатарына жатқызылды. Кейбір деректердегі документтерден шаруалардың кедейлердің орташалардың еш кінәсіздігін сот үкімдерінің шешімдерінен көптеп кездестіруге болады. Шығарылған сот шешімдерінің көбі қасаң дәлелсіз айыптауларға негізделген. Жекелеген аудандарда сот астық жинау жөніндегі өкілдерге өз үстемдігін жүргізіп отырған көбінесе өз білгенімен заңсыз талаптарын орындатып отырған шексіз билеушілерге айналған. Кейде жіберілген сот уәкілдерінің сот саласы бойынша мүлде білімі болмаған, еш дайындықсыз кездейсоқ адамдардың жіберілгеніндігі туралы деректерді кездестіруге болады. Аудандық сот бұл адамдардың кім екенінде білмеді, өйткені ол округте талап етілді, қолдар мен мөрлер қойылған жеке куәліктің таза бланкілеріне, сол жерде тиісті және фамилиялармен толтырылып және тағайындалған Судьялардың қолына тапсырылған. (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 245-іс. 5–9-пп.). Бұдан біз сол тұстағы сот шешімін шығарушылардың заңсыздыққа жол беруінің себептерін айқын көре аламыз. Осындай қарабайыр ойлайтын адамдар астық нормасын орындамағандарға шексіз күштеу шараларын пайдаланып, жазықсыз шаруаларды қорлаудың түрлі жолдарын ойлап тапты. Астық дайындау науқанының соңында,

астық жинау қарқыны төмендеген кезде, жергілікті жұмысшылар арасынан дайындау жолдары қарастырылды. Кейбір аудандарда қарабайыр ойлайтын адамдар шаруаларды қорлаудағы заңсыз әдіс тәсілдерін ойлап тапты. Адамдарды суық жерге отырғызылып, түні бойы темір шатырдың астында, қатты аязда қалдырды. Бұған Алматы архивінен көптеген фактілерді кездестірдік:

1. Алматы округінің Азат ауданында астық дайындау науқанын жүргізгенде кедейлерді жоспар орындамағаны үшін ұрып-соғып, суық суға шомылдырған (Азат ісі бойынша үкімді қараңыз).

2. Алматы округінің Калинин ауданында (Чемолған ауылы) кулактарға қарсы «Қара байкот» жариялаған. 22 шаруашылықтың терезелері бітеліп, тек түнде отын мен су алу үшін шығуға рұқсат етілді. Оларды аяусыз ұрып соққан егер ол айқайласа, аузына керосин құйып жағып жіберу бұйырылған. Құжаттардағы тіркелген істерден көргеніміздей оларға осы жаза қолданылған. Қара ту көтерген қолдарына шелекке толтырылған мұнайы бар бригада ұйымдастырып көшелерге жіберілген. Олар кулактар үйлеріне кірген жолай екі кедей шаруаны ұстап мұнаймен майлап, қабырғаларыны мұнай шашқан.

3. Алматы округі Елек ауданында 200-ге жуық кедейлермен орташаларды астық өткізбегені үшін тұтқынға алған. Ал іс жүзінде бұлардың бәрі мал бағумен айналысқан ешқашан астық екпеген. Тіпті шаруалардың мойнына арқан байлап дарға асамыз деп қорқытқан. Олардың үстіне суық су құйып бірнеше күн суық сарайларда ұстаған (ҚР ОМА. 1380-қ. 1-т. 245-іс. 5–9-пп.).

Орталық Атқару Комитетінің ұйымдастыру комитетінің хабарлама ақпарларынан шаруалардың өкімет саясатынан түңілген көңіл күйі аңғарылады. Көп адам қатысқан жиындарда шаруалар: «ауыл шаруашылығын дамытудың қажеті жоқ, бәрібір өкімет салықпен титықтатады», «кеңес өкіметі крепостнойлық құқық орнатты», «орташалар есебінен жалқау кедейлерге жеңілдіктер беріп орташаларды аздырып тоздыруда», «кеңестер ескі өкімет тұсындағыдан шаруаларды жаман күйзелтті», «мұндай өкіметке көмектеспеу керек» - деп т.б. ашық мәлімдеді.

Алматы округы Іле ауданы бойынша арнайы мемлекеттік өкілінің баяндамасында ұжымдастыру астық дайындау барысы туралы мынадай деректер келтірілген: «... Олардың 100 % шаруа қожалығын ұйымдастыру, 100 % барлық мүлікті қоғамдасдыру» - деген түсініктері болды, осының нәтижесінде «партия істің бұрмалануына жол берді». Колхозға кірмегендер яғни колхоздан тыс жерлерде шаруа қожалықтары бәрінен судан, жерден айырылады, жер аударылады, дауыс беру құқығынан айырылады. Барлық мүліктің қоғамдандырылуы насихатталды. (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 385-п.). Осындай қисынсыз жүргізілген ұжымдастыру саясаты халықты үрейлендіру, қорқыту, әкімшілік күштеу, шаралары арқылы іске асырылғанын анық көруге болады. Айталық январдың аяғында ауданның 18 % ұжымдастырылса 20 ақпанда бір ай өткенде Алматы округының осы аталған ауданында 91 % ұжымдастырылды деп есеп берілген. (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 385-п.). Жүн, сүт, қымыз, майға, салық салынған. Тіпті күнін әрең көріп жүрген шаруаларды газетке жазылуға міндеттеген. Кейбір шаруалар салық өткізе алмай базарларда қамшы, самовар т.б. мүліктерін сатуға мәжбүр болған. Колхозшы Карим Тастайбеков жүн өткізуге малы болмай көрпелеріндегі жүнді өткізген. № 15 ауылда экспорт үшін әр шаңыраққа иттің терісін өткізу тапсырылған. «Чуруш» ауылында Хмель деген әйел шаруалар жиналыста: былай дейді: Хмель Рыспекова жиналыста колхоз басқармасы итті өлтіріп, терісін өткізуді тапсырған. Айтуы бойынша салық жинаушылар итті ақыры өлтірген оның 8 күшіктері қалған. Хмель жиналыстағы арнайы өкілдерге мынадай сұрақ қойған. Колхоздастыру ісі дұрыс жүріп жатыр ма? партияның иттерді өлтіру жөніндегі нұсқаулары бар ма?» деп арнайы өкілдерге жиналыста сұрақтар қойған. (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 22-п.). Аудан әкімшілігі мұндай сұрқия келеңсіз асыра сілтеушілікті арнайы тіркеп есепке алмаған.

Алматы округы бойынша Орталық Комитеттің өкілінің баяндамасында кедейлермен орташалар әкімшілік қорқыту, үркіту, зорлық т.б. әкімшілік қысымның салдарынан 2800 қожалық жаппай колхоздан шығуға арыз берген. «№ 1, 2, 6, 7, 8, 9 ауылдар», «Кененбай» ауылында 53 шаңырақтың 47-сі «Жана Дауірден» 55 шаңырақтың 38-і колхоздан шығуға арыз берген. Ірі екі колхоздағы 8 ауылдан 333 шаңырақ колхоздан шыққан. (Алматы округы бойынша Инспектор Пустотиннің мәліметі бойынша осы жылы 3 сәуірге дейін бүкіл аудан бойынша 2.800 шаруашылық колхоздан шыққаны айтылған) (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 22-п.). Бұл деректерден жоғарыда айтылған 100 % дық санның жалған екендігі айқындалып тұр.

Дайындау науқанында аудандарға қолда бар малдың нақты санынан артық түсетін тапсырмалар түсе бастады. 1927 жылдың қарашасында мал мен құрал жабдықтың бір бөлігін тартып алып байларды

ауыздықтап орташаландырамыз, сөйтіп өндірісті дамытамыз деген ұран көтеріліп, жалпы тәркіленуге тиіс 700 қожалықтан 244,643 мал тартып алу жоспарланды. Іс жүзінде 135,710 бас мал тартып алынған, орташа есеппен әр шаруашылықтан 248 бас тартып алынған. Бұл тартып алынған мал пайызға шаққанда 56 % болды. Алматы округінен 67 қожалықтан 28,877 бас мал тартып алу көзделіп, 15,853 алынған, орташа есеппен әр шаруашылықтан пайызға шаққанда 55 % мал тартып алынған (НХК. 1928: 25–26-пп.). Күштеп ұжымдастыру мен тәркілеу қарсаңында малы 50 бастан асатын қожалықтардың үлесі бар қожалықтармен салыстырғанда 1 %-дан сәл ғана асты. Тәркілеу оң іс деп танылды. Жоспарды орындау үшін заң орындарына шағым айтушылар тәркілеу мен жер аударылудан аман қала алмаған 696 тәркіленгеннің 669-ы округтерден басқа жаққа жер аударылған. Түрмеде өлгендер, өлімші ауру болып аман қалғандар бұл санға енбеген. Көшпелі аудандарда жоғарыда айтқанымыздай 700 тәркіленуі тиіс болса 61 қожалық қана тәркіленген «Жартылай феодалға» жатқызылғандардың 19,3 % болуы осы айтқанымызды қуаттайды (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 193-іс. 5-п.).

Өкімет тәркіленген байлардан 225972 бас мал жиналар деп күткен. Бірақ олай болмады кәмпеске кезінде 144474 бас мал ғана тәркіленді бұл белгіленген жоспардың 64 %, (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 193–196-іс. 4-п.). Бұл мәліметтерден байлардың көп болмағанын жоспарланған санның артық берілгенін байқауға болады.

БК(б)П Қазақ Өлкелік партия комитетінің хатшысы Голощекин тәркіленген өндіріс құралдары мен өнімдердің қалай пайдаланатыны туралы баяндамасында мынадай түсініктеме берген: «Тәркіленген өндіріс құралдары мен құралдарын пайдалану. Тәркіленген мүлік кедейлерге тәркілеуді жүргізу жөніндегі аудандық комиссия бекітетін жәрдемдесу кедей комитеттерінің қаулылары бойынша жеке пайдалануға беріледі. Бұл ретте тәркіленген мал, мүлік әрбір жеке байдан оның жақын туыстарының, және осы байға қандай да бір түрде тәуелді адамдардың қолына түспейтіндей қамтамасыз етілуі тиіс. Жергілікті жердегі партиялық ұйымдар кедей ұжымдар мен артельдерді ұжымдастыру бойынша күшейтілген жұмысты дамыту керек, Тәркіленген малды бөлу кезінде ұжымдастырылмаған кедейлерге қарағанда ұжымдастыруды қолдаған кедейлерге белгілі бір артықшылықтар беруі керек. Мұндай ұжымдар мен артельдер тәркілеу арқылы оларға берілетін өндіріс құралдары мен құралдарының айналасында ғана емес, сонымен қатар несие, машинамен жабдықтау және т.б. есебінен қосымша инвестициялар арқылы қамтамасыз етілуі керек. Азды-көпті мәдени типтегі шаруашылықтарды қамтамасыз ететін ұйымдасқан аумағы мен үй құрылыстары бар ең ірі шаруашылықтар осы шаруашылықтарда бұрын жұмыс істеген фермерлерді тарта отырып, совхоздарға айналуы керек. Совхоздар құру туралы мәселені әрбір жеке жағдайда тәркілеуді жүргізу жөніндегі аудандық комиссия шешуі тиіс». (Голощекин,) (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2323-іс. 64-п.). Бірақ кейін орын алғанындай бұл шаралардың бәрі көз бояушылық үшін насихатталған істер болды. Өйткені тәркіленген мүлік, мал ешқашан әділеттілікпен бөлінген жоқ. Мұның соңы кейін бүкіл Қазақстан бойынша жаппай ашаршылыққа орын алған ұлттық қасіретке ұласты. Өкімет ұсынған шартқа сәйкес ірі бай, жартылай феодал делінген барлығы 696 қожалықты тәркілеп өздерін жер аударды. Бұлардың 562-сі ірі байларға, 134-екінші топқа жатқызылды. Үкіметтің ресми дерегі бойынша тіркелгендердің элеуметтік құрамы мынадай болған болыс басқарушылар, хандар, датқалар, олардың тұқымдары 245-адам, билер-76, молдалар мен ишандар-8, ауылды кеңестендіруге қарсы болғандар 323 болған (ҚР ОМА. 75-қ. 21-т. 15-іс. 49-п.).

Мемлекеттік мүдде дегенді желеу етіп ауылда ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау кезінде заңсыздықтар көбейді. Жүн дайындау науқанын табысты өткізу мақсаты қойылды. Қаһарлы қыс кезінде қой қырқуға мәжбүрлеген, мұның өзі малдың жаппай қырылуына әкеп соқты: Округтің аудандарында жүн өткізу астық дайындаумен теңдей жүргізілді, Жүн өткізудің 1600 пұтқа шаққандағы бақылау көрсеткіші болды, "Сүттен өнімдерінен (сүт, қымыз, қышқыл сүт, қаймақ, май және т. б.), салық салынды. Колхозшыларды газетке жазылуға міндеттелді. (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5043-іс. 108–109-пп.).

Қисынға келмейтін міндетті астық дайындау салығы ежелгі мал шаруашылығының астық екпейтін аймақтарына да қолдалынды. Қарсылығы үшін жазадан үрейленген аудандар малын астыққа айырбастап өткізуге мәжбүр болды. Дайындау науқандары шаруаларға қарсы жазалау шаралары жүргізілді. Ашылған мұрағат деректері бойынша мыналарды анықтаудың сәті түсті. Осы тұста 56498 село тұрғыны әкімшілік қылмыстық жауапкершілікке тартылып оның 4121 сотталған.

Қазақ өлкелік партия комитеті бюросының 1930 ж. қаңтардағы мәжілісте Голощекин дайындау

барысында 1928 ж. 1 қарашадан 1929 ж. 1 желтоқсанға дейін сот тарапынан 125 адам ату жазасына кесілгенін, саяси басқарма тарапынан осы кезеңде 152 адам атылғанын хабарлаған. Астық дайындау барысында «кулактарды тәркілеу» жүзеге асырылды. Жергілікті әкімшілік сот, және партия кеңес органдары көп жағдайда көрсетілген науқандарды кулактармен байларды тап ретінде жою саясаты ретінде қабылдады. Науқан зорлық-зомбылықпен жүзеге асырылды. Саясаттан хабарлары шамалы жергілікті әкімдер жүн дайындауды, көктемгі егіс науқанын өткізу науқанын нақты мақсат үшін емес бай-кулактарды тап ретінде жою жазалау басты міндет санады.

Сталин кулактарға қарсы ымырасыз жаулық көзқарасын оларды «қанішерлерге, бүйілерге, қансорғыштарға» теңеу арқылы білдірді. Біз бұл қанішерлердің, бүйілердің, қансорғыштардың қанаушылық тенденцияларын тежеу саясатын жүргізіп оларға шыдап келдік. Шыдап келген себебіміз кулак шаруашылығының өндірісінің орнына қолданарлық ешнәрсе болмады. Енді олардың шаруашылығы орнына өзіміздің колхоз совхоздармен толтыру мүмкіндігіміз бар (Сталин, 1952: 244–245 бб.).

Орталық Комитет арнайы қаулымен колхоз құрылысындағы асыра сілтеушілікті сынға ала тұрсада, Сталин кулакқа қарсы күресуді күшейтуге шақырды, ал мұның өзі шаруаларды кулактарға айландыруда жаңа асыра сілтеушілікке алып келді.

Көсемнің тапсырмасын бұлжытпай орындайтын Голощекин бастаған басшылық 1929 ж. астық дайындау компанияларының жұмысын шұғыл қарап қосымша төмендегідей шешім шығарған:

1. Барлық артық астықтың алынатыныны туралы астық дайындау жоспарын ауылға дейін кулактардың ауқатты шаруашылықтарының ауласына дейін жеткізу.

2. Астық дайындау жоспарын ауылға және кулак шаруашылықтардың ауласына жеткізу, осы істелердің іске асырылуына барлық ауылдық кеңестердің қаулыларын ескере отырып құрылған комиссиялардың қолдауымен жұртшылықты толық тарту. Бұл жағдайдайда жоспардың орындалмауына жол бермеу.

3. Астық дайындау жоспары орталықтың жоспарды түпкілікті бекітуінен кейін ауылдың және кулактардың ауқатты шаруашылығының аудандарына жеткізілсін. Қазақстан бойынша қысқа мерзімде жоспардың орындаудың мүмкіндігіне қол жеткізу» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2281-іс. 49-п.). Осындай партиялық нұсқаулардың әсерінен асығыс шұғыл шараларды тездетіп жүзеге асырылудың қажеттігі жаңа асыра сілтеушіліктердің пайда болуына алып келіп отырды. Бұл құжаттарда да маңдайына құпия (совершенно секретно) деген белгісі қойылған.

Осыған ұқсас мәселе 1929 жылы. Шамалған селосында қаралған. Шаруалардың жалпы жиналысында 8. Ақпан 1930 жылға дейін 80 % ұжымдастыру қарастырылған. Бірақ жиналыс қайта өткізіліп аталған мерзімге дейін аудан 100 % ұжымдастырылады деп қаулы қабылданған. Қорытындысында осы ауданда 195 шаруашылық 75 % ұжымдастырылды делінгенмен колхоздан шығу туралы 40-қа жуық арыз шағым түскен. Оның 35 кедей, 15 орташа. Құжаттық деректер іс жүзінде шаруалардың көбі колхоздан шығу туралы арыздары даяр тұрғанын мәлімдейді. (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5043-іс. 96-п.). Мұны мына деректер растай түседі: «Қаскелең колхозының басқарма төрағасы Орофьев Калинин ауданы бойынша ГПУ-ге (Мемлекеттік Саяси Басқарма) 13 адамнан тұратын колхозшылардың тізімін жіберіп оларды тұтқындауды сұраған».

«Округтің уәкілі Анисимов Н-Россиск ауылында 10 колхозшыны колхоздан шығуға шешім қабылдағаны үшін тұтқындаған және оларды Қаскелеңдегі ГПУ-ге жіберген» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5043-іс. 97-п.).

Шамалған селолық кеңесінің қызметкерлері колхоздан шығатындарды кулактар тізіміне қосатынын айтып қорқытқан. Көптеген шалақ белсенділер жасанды интернационалдық колхоздар құрғанмен олардың өмірі ұзақ болмады. Аудандық уәкілдердер сапа емес сан қууға асыра сілтеулермен жалған ақпараттар беруге әуес болды.

1931 ж. 3 августте Алматы қалалық партия комитетінің Бюросында (Протокол № 52) Салық салу объектілерін есепке алу қорытындыларын талқылаған. Қабылданған қаулылардан жеке салық тағайындау үшін кулак-бай шаруашылықтарды анықтау ісі оңай болмаған. Бір жылда 152 шаруашылықтың 13 шаруашылығынан ғана салық алынған. 7 шаруашылық мүлде аудан шегінен шығып кеткен. 92 шаруашылық. Қуғын-сүргін мен саяси науқандар әсерінен жойылып кеткен. Есепке алынған

объектілерден 1931 жылы жеке реттелген салық салуға бірде-бір шаруашылық анықталмаған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5080-іс. 198-п.). Осы аталғандарға сәйкес 1931 ж. Алматы қалалық партия комитетінің Бюросы заң органдарына жазалау шараларын күшейту туралы тапсырмалар берді: «Астық жинау жұмыстарының орындалмауына кінәлі адамдарды және кулактарды байларды қолдап үгіт-насихат жүргізетін және колхоздарды ыдырататын барлық адамдарды жауапқа тарту үшін прокуратураға айрықша тапсырылсын. «Шығыс таңы» колхозынан анықталған кулак элементін дереу тазалау жүзеге асырылсын.» - деген жолдарды оқуға болады (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5080-іс. 199-п.).

Алматы округы бойынша арнайы уәкіл аймақтағы барлық селолардағы кулак шаруашылықтары 90 % -ға тазартылды олардан салық төлемегені үшін мүліктері тартып алынғаны туралы есеп берген. Сонымен қатар ол прокурордың орынбасары Азербайхан тәркілеуде арнайы есептің болмағанын кулак делінгендерден барлығын тартып алғандарын, тіпті алынған мүлік ішінде табақ, пышақ, ыдыс, ескі трыпкіге дейін тартып алып тізімге енгізгені баяндаған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 5043-іс. 100-п.).

Индустрияландыру тұсында салық күшейтілді. 1927–1928 жж. ауқатты және кулак шаруашылықтары 4 % шамасында болып шаруалар қожалықтарына есептелген бүкіл ауыл шаруашылық салығының шаруалар қожалықтарына есептелген салықтың 33 % төлеуге мәжбүр болды. Ал мал өсіретін ірі шаруашылықтар 0.6 % болды. Олар мал өсіретін аудандар бойынша есептелген салықтың бүкіл сомасының 25 % төледі.

Көптеген шаруашылықтар салық салудың бұл формасын өкіметтің зорлық зомбылығымен жүргізілді. Мысалы екі сиыры, сүт тартатын құралы, немесе темір шатыры бар үйі болғандығынан, кеңес үкіметіне қарсы «сөздер» айтқаны үшін жазықсыз жазаланды. Егер 1927–1928 жж. 9,6 % ауқатты кулак шаруашылықтары ауыл шаруашылық салығының жалпы сомасының 57,3 %-ін өтесе, 1928–1929 жж. 76,2 %-ін өтеген.

Көшпенділерді отырықшылыққа көшіру саясаты аса ауыр болды. Бұл мал өсірушілерді егіншілерге айландыру арқылы әкімшілік әміршілдік жолмен жүзеге асырылды. Бұл аграрлық мәселені түпкілікті шеше алмады. Ұзаққа созылған істің нәтижесі қалыптасқан жұмыс істеп тұрған шаруашылық құрылымдарын бұзып бүлдірді. Отырықшыландыруға балама ұсыныс айтқан ғалымдар, қоғам қайраткерлері қуғын сүргінге ұшырады. Отырықшыландыру науқаны индустрияландыру науқанымен қатар келуі кездейсоқтық емес. Құжаттардың көрсетуіне қарағанда өкімет астық проблемасын шешу арқылы индустрия үшін қор жинауды мақсат тұтты. Бұл тұста қазақ халқын әлеуметтік прогреске бастау мақсаты болған жоқ. Үздіксіз зорлықпен күштеуден ес жимаған қазақ елі ұжымдастыру науқанына тап болды.

1928 ж. Қазақстанда барлық шаруашылықтың 2 %-ы ұйымдастырылса 1931 ж. 70-100 % ортақтастыруға ұшырады. Бұл тұста шаруалардың пікірін ескеру заңдылық принципі мүлде болмады.

Алматы округінде тексеріс жүргізген Юстициялық Халық комиссарлары кеңесінің материалдарында (НКЮ). Осыған қатысты мәліметтер бар. Олар округтегі малдың сойылуына қатысты аймаққа жіберген телеграммасында мынандай жолдар тұр. «Орташалармен мен кедейлерді соттаумен бірге олардан барлық соңғы жіптеріне дейін тәркілеуге құқық беру» 16 ақпан 1930 ж. «колхоз мүшелерін және басқа адамдарды малды сойғаны үшін немесе колхоз мүліктерін сатқаны үшін Қылмыстық кодекстің 79-1 бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту». Оған Округ прокуроры Т. Темірбековтың Округсот төрағасы Бековтың және аудандық комитеттің хатшысы Морозовтың қолы қойылған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3794-іс. 5-п.). Жазалау органдары кімді қалай жазалау шарасын өздері шешіп отырған. Олай дейтініміз 27 қаңтарда Правда газетінде мынадай қаулы мазмұны жарияланған: Қаулыда: «ҚК-нің 79-1 бабы бойынша малды рұхсатсыз сойғаны үшін тек кулактармен байларды ғана соттауды, ал кедейлердің тек ерекше жағдайларда ғана сотқа тартылуы мүмкін екені атап өтілген. Малды союға себепті жағдайлар және бұл ретте олардың тікелей тапсырма бойынша немесе кулак мүддесі үшін әрекет еткені анықталған кезде» (подкулачники-үгітшілер) жаза тағайындау ұсынылды. Барлық басқа жағдайларда (яғни, кедейлер мен орта тұрғындар өз малдарын өлтіргенде немесе басқаларды осындай істеуге үгіттеген жағдайда айыпталады.) біз оларға тек ВЦИК, РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 16, 31 қаулыларында көрсетілген қоғамдық ықпал ету шараларын қолдануды ұсындық» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 3290-іс. 13-п.). Село жиындарын өткізу кезінде «кім колхозға кіргісі келеді» және «кім қарсы» деген сұрақтар қатар қойылды. Қарсыларға басқаша тәрбиелеу шаралары

жүргізілді. Мәселен «өтірік ату жазасына кесу», шаруалардың үрейін алу, қорқыту, мұз ойыққа шомылдыру, сайлау құқынан айыру аудан ауқымынан қуып жіберумен қорқыту немесе алдын ала түрмеге қамау т.б. жайлы фактілер бар.

1930 жылы көктемде Сталиннің «Табыстан бас айналу» мақаласы жарияланғаннан кейін ұжымдастыру қарқыны күшейтілді. 1932 жылдың ақпанына қарай колхозшылар шаруашылықтарының 87 %, жеке шаруашылықтардың 51.8 % малдарынан түгел айырылды.

Мал фермаларға жиналды. Арасы 100–200 шақырым бірнеше жүз шаруашылықты бір алып колхозға қасақана біріктірілді. Мұндай жасанды құрылымдарда нақты еңбекті есепке алу, мал саны, табиғи жем шөп ресурстары ескерілмеді.

Қисынсыз шешімдерден кейін көп ұзамай қисапсыз мал жайылымның, азықтың болмауынан жаппай қырылды. Бұған дейінгі асыра сілтеумен бұрмалаушылық ауыл шаруашылығын құлдыратып тоздырып тынды. Мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. 1928 ж. республикада ірі қара 6509 мың бас болса 1932 ж. бар жоғы 965 мың бас қалды. Қой 1928 ж. 18566-дан 1932 ж. 1386-сы ғана қалды. Ұжымдастырудың төтенше сипаты кулактармен байларды жою нәтижесі осылай аяқталды. Басында кулак шаруашылықтар саны жалпы көлемі 3-5 %-дан асырмау айтылған. Көптеген аудандарда кулак шаруашылықтар саны бұған жетпей қалды. Бірақ жоспар асыра орындалып жатты. Дәулетті және орта шаруаларда кулаққа айландырып шын мәнінде оларды жазаланатын шаруа қатарына қосты.

1930–1931 жылдыры «кулақтық жер аударуға» жіберілген қазақстандық шаруалар саны 6765 адамға жеткен. Осы деректерге қатысты Алматы облысы бойынша көшіп кеткен шаруашылықтардың есебін алған облыстық комиссияның Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Исаевқа құпия түрде мынадай мәліметтер берілген. Алматы облысы бойынша 16 аудан Қырғыз республикасына 8812 шаруашылық, Қытайға 14824 шаруашылық, ішкі облыстарға 197566 барлығы 842,44234 шаруашылық және 103258 жан көшіп кеткен (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4581-іс. 1–2-пп.).

Малды тәркілеу, астық дайындау, салық салу, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау, отырықшыландыру т.б. күштеу науқандарының бәрінде шаруаларға қарсы қылмыстық кодекстің алуан түрлі баптары қолданылып жазалау науқаны жүргізілді. Жүздеген мың адам кулаққа жатқызылып жазаға тартылды. Олардың ең алды ату жазасына немесе 3-тен 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру мүлкін тәркілеуге ұшырады. Істі сотта қарау нышаны болмады. Заңдарды бұза отырып көпшілігін жедел құрылған үштік шешіп отырды. Кейін бұл істердің заңсыз жүргізілгені туралы арыз-шағымдар көп түскен ол көп уақыт жарияланбай құпия сақталып келді.

Қазақстандағы осы зұлмат жылдардағы зобалаң туралы жаңа деректер архивтік деректермен толықтырылуда. Жаңа деректер кеңестік кезеңдегі жарияланған халықтардың өзін-өзі билеу құғының жалған болғандығын қуаттап берді. Айталық сондай деректердің бірінде Қазақстан Орталық Атқару Комитіне және Халық Комиссарлар Кеңесіне жолданған мынандай мәліметтер берілген. Письмо – Телеграмм. КЦИК, СНК и Прокурору Республики (14.4.1928 г.) «Біз Алматы округінің Жилантузов Чукпаров аудандарының 5 ауылының кедей шаруаларының атынан ауданның жартылай феодалдарының ірі байларының мүлкін тәркілеу туралы үкіметтік Жарлығының мүлде қате қолданылып жатқанын мәлімдейміз. Біздің ауылда Сапарбай мен Әлімбаев мүлкілік ережелер бойынша әлеуметтік зиян элементер қатарына жатпайды 27 тамыздағы Жарлықтың бірінші немесе бесінші баптарына ешқандай қатысы жоқ. Тәжиев, Қарыбай, Оразалин, Атабек, Саудабаев, Асыр, Кішкенебаев, Дәркенбай т.б. бұл азаматтарының жартылай феодалдар емес екенін жақсы білеміз. Олар туралы біздің және көрші ауылдардың кедей шаруаларының пікірі сұралмады.» (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4937-іс. 83-п.). Негізгі мақсат орталықтың қалауын дереу және мүлтіксіз жүргізетін мелекеттік аппарат құру міндеті қойылды. Голошекин қысқа мерзім ішінде өз айналасын қайта құрып мәселені өз пайдасына шешіп билік режимін нығайтып алуға мүмкіндік берді. Қазақ елі аштықтан, індеттерден 2 млн 200 мың адамынан, барлық қазақ халқының 49 %-нан айырылды. 1928–1932 жж. 90-ға жуық қазақ интеллигенциясы өкілдері нақты айғақтардың жоқтығына қарамастан қылмыстық жауапкершілікке тартылып көбі атылды немесе ұзақ мерзімге түрмелерге тоғытылды Оларға мемлекеттік өкіметтің барлық күшімен жазалау органдарын пайдаланды.

Қорытындылай келе, ауқатты шаруалардың бар мүлкін тәркілеу, оларды итжеккенге немесе басқа тиісті аймақтарға жер аудару, ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрлі көшпелі шаруашылықтарды

ұжымдастыру, отырықшылықпен айланысатын жасанды аймақтар құру, еңбекшілерден өмір сүру көзі саналатын бар мүлкін тартып алуды қамтыған барлық іс әрекет зорлық-зомбылық науқандары заңнан тыс еріксіз іске асырылды. Аталған науқандардың бәрі адам құқтарына қайшы халықаралық шарттарға сәйкес келмейтін іс әрекеттер. Бұл шаралардың бәрі сол тұстағы тоталитарлық мемлекеттің халыққа қарсы бағытталған қылмысы болды. Шетелдік танымал тарихшы Ханна Арендт (Арендт, 1996: 43) тоталитаризмнің басты ерекшелігі – заңсыздықтың шектен шыққан түрі деген идеясын ұсынуы осы мәселерге байланысты айтылса керек.

Байлардың мүлкін тәркілеу жөніндегі, ауыл шаруашылығын, ұйымдастыруды жоспарлау туралы көшпелілікпен айналысып келген қазақ халқын отырықшылыққа көшіру туралы дәлелсіз заңдар олардың жүзеге асырудағы іске асырылған шаралар қазақ халқының өмір сүріп келген әлеуметтік экономикалық ерекшеліктерін табиғи тарихи түп даму ерекшелігін бұзуға бағытталған. Бұл жүргізілген қасіретті науқан қазақ халқының әртүрлі топтары арасында қолдан жасалған қарама-қайшылықтардың туындауына бағытталып халыққа қарсы жүргізілген саясат болды. Шаруалардың тіршілік етіп келген өндіріс құрал-жабдықтарын зорлық шаралары арқылы топтастырып ауыл шаруашылығының еңбекшілерге қажетсіз тиімсіз жүйесін жасауға бағытталған жұмыстар жүргізілген. Осындай келеңсіз шарларды жүзеге асырудан жазықсыз еңбекші халықты жаппай қуғын-сүргінге салу туралы заң жүйелері құрастырылған. Сонымен қатар бұл науқан халықтың келісіміне негізделмей соттан тыс заңсыз құрылған. «Үштік», «Бестік», «Айырықша кеңестер» арқылы іске асқан. Жазалаудың қай түрі болмасын іске қатысты адамгершіліктің жалпы адамзаттық қағидаларымен танылған халықаралық құқық қағидаларымен сәйкес келмейтін шаралар арнайы науқандарға ұластырылып заңсыз коммунистік партия жетекшілерінің өз бетінше өз қалауымен іске асырылған. Киндлердің айтуынша, Кеңес мемлекеті жартылай болсын көшпелі мемлекеттің өмір салтына енді (Kindler, 2018: 323).

Осы аталғандарды ескере отырып 1929–1932 жж. жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру, отырықшыландыруға байланысты қаулы қарарлардың негізі заңсыз әрі халыққа қарсы болғандықтан толығымен күші жойылып айыпталуы тиіс. Меншіктері тартып алынып мекендерін ауыстыруға мәжбүр болғандар, дайындау науқандары тұсындағы зорлық-зомбылық, әкімшілік әдістермен ұжымдастыруда ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік деңгейде арнайы ұйымдастырылған шаралармен тартып алуға ұшыраған адамдарды, халыққа қарсы жүргізілген аталған саясатқа наразылық білдіргені үшін ату, бас бостандығынан айыру, жер аударуға ұшыраған адамдарды халықаралық құқықтық қағидаларын негізге ала отырып саяси жаза құрбандары деп танылуы тиіс.

Алматының көшелерінде 1930 жылдары халық өлім халіндегілер немесе қынадай қырылып жатқандарға толы болды. Оларға көмектесудің орнына жандары шықпай жатып арбаға салып қаланың сыртына апарып төгіп жатты. Сол зұлмат күндерді Алматыда болып көзімен көргендер былай деп еске алады: «Бұл жылдар алдын ала дұрыс жоспарланбаған ұжымдастыру туралы компаниялардың қисынсыз әрекетінің салдарынан өте қиын болды, Қазақстанда қоғамдастырылған малдың қырылуынан жаппай мал сою салдарынан ашаршылық басталып ауылдардан қазақтар қалаларға ағылды. Олар аштықтан зардап шекті, бірінші кезекте қалардан табыс табуға үміттенді. Олар жұмыс таппады. Әлсіреген адамдар тікелей көшелерге құлады. Мәйіттер көліктерге лақтырылып, белгілі бір жерлерге жеткізілді. Осындайларды сол кезде өз көзімен көргендердің бірі Наташа есімді қыз. Оның айтуы бойынша ол оқыған бухгалтерлік есеп колледжіндегі клубта мәйіттер жиналған. Клубқа кіруге тыйым салынды. Бірақ жастар тыйым салсада кейде жасырын кіргендерінде кейбір «мәйіттердің» қалай қозғала бастағанына куә болған (ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 4937-іс. 8-п.).

Иә, ашаршылық қолдан жасалды. Ал осы ашаршылық қияметі халық санасынан өшпеуі, өлшеусіз қасірет ұмытылмауы тиіс. Рас, алапат нәубет жайында айтылып та, жазылып та келеді. Талай шаралар да белгіленуде. Бірақ біздің ойымыз: халқымыздың басынан өткен осы қайғылы кезең әлде де болса әлем жұртшылығының назарын аудару керек. Ұлы қасіретін қолдан ұйымдастырғандарды мейлі ол кеңес өкіметі ме, коммунистік партия ма, аттарын атап, мойындарына халық қарғысының қарғыбаулы кара таңбасын ілуі қажет деп білеміз.

Қорытынды

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ тарихы күрделі әлеуметтік саяси қоғамдық қайшылықтарға толы бұрын соңды болмаған өзгерістер басталды. 1920–1940 жж. астық дайындау, мал дайындау науқанын тездетіп өткізу жоспарланды. Осы кезеңде жаппай қамауға алу, тінту, мүліктерін тартып алу зорлық-зомбылықпен еріксіз күштеу жазалау әдістері қолданылды. Істі жүргізушілердің жауапкершілігі болмады қоғамдық дамуға немқұрайлықпен қарап, асыра сілтеушілікке жол берді. Осының салдарынан ақтауға болмайтын орасан зор саяси зиян келтірілді. Істі жүргізуде қылмыстық әрекеттер жасалып, қазақ халқының өмір сүруінің дәстүрлі жүйесін күйретті. Қоғамның даму заңдылықтары сақталмай тарихи құндылықтар жойылды. Мыңдаған адамдар жазықсыз жалған жаланың құрбаны болды жалпы адамзаттық қағидаттар ескерілмеді. Іс шаралар заңсыз мемлекеттік деңгейде арнайы орындауға міндетті өкілдердің күшімен іске асырылды. Науқанды жүргізудегі заңсыздыққа әдейі жол беру жаппай жазалауға ұластырылды. Осы кезеңдегі науқан қазақ халқының дәстүрлі шаруашылығын түп-тамырымен қиратуға бағытталды. Ұлы қасірет қолдан ұйымдастырылды. Бүгінгі таңда қоғамымызда тарихи сананы жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мақалада халқымыздың тарихындағы осы тарихи кезеңнің көмескі тұстары осы күнге дейін құпия болып келген мұрағаттық тың деректермен салыстырып зерттелді.

Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan
AP RK — Archive of the President of the Republic of Kazakhstan

Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві
ҚР ПА — Қазақстан Республикасы Президентінің архиві

References

- Arendt, 1996 — *Arendt H. Istoki totalitarizma* [The Origins of totalitarianism] Transl. From Eng. Borisova I.V. et al. Afterwards Davydov Ju.N.; Ed. Kovaleva M.S., Nosov D.M. Moscow: Centr Kom, 1996. 672 p. (In Russ.)
- Conquest, 1990 — *Conquest R. The Great Terror: Stalin's Purge of the Thirties*. London, 1990. 416 p. (In Eng.)
- Conquest, 1994 — *Conquest R. Soñğy imperia*. In 'Qazaqtar şetel ädebietinde' [The Last Empire: Nationality and the Soviet Future. In 'Kazakhs in Foreign Literature']. Almaty: Atamūra-Qazaqstan, 1994. 151 p. (In Kaz.)
- Goloshhekin, 1928, — *Goloshhekin F.I. Otchet Kraevogo komiteta VKP(b) VI Vsekazahskoj partkonferenci* [Report of the Regional Committee of the CPSU(b) of the VI All-Kazakh Party Conference]. Kyzyl-Orda: Kazgiz, 1928. 74 p. (In Russ.)
- Hayek 1944 — *Hayek F.A. The road to serfdom*. London and Chicago: University of Chicago Press, 1944. 264 p. (In Eng.)
- Kindler R., 2018 — *Kindler R. Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan*. Transl. by C. Klohr. Pittsburgh, PA: University of Pittsburgh Press, 2018. 328 p. Doi: [10.2307/j.ctv3znxgm](https://doi.org/10.2307/j.ctv3znxgm). (In Eng.)
- Lenin, 1963 — *Lenin V.I. Polnoe sobranie sochineniy* [Complete Works]. Vol. 41. Moscow: Publishing House of Political Literature. 1963. Pp. 313–339. (In Russ.)
- Likvidacij, 1928 — *Likvidacij ostatkov feodalizma v Kazahstane* [Liquidation of the remnants of feudalism in Kazakhstan. NHK. 1928 № 9-10. Pp. 25–26. (In Russ.)
- Mahaeva, 1995 — *Mahaeva A.Ş. Qazaq komitetteri: qūryluy men qyzmetiniñ tarihi (nauрыз 1917 j. – mausym 1918 j.)* [Kazakh committees: history of formation and activity (March 1917 – June 1918). Abstract of Candidate's thesis. Almaty, 1995. 29 p. (In Russ.)
- Nūrpeisov, 1995 — *Nūrpeisov K. Alaş hām Alaşorda* [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek, 1995. P. 256. (In Kaz.)
- Omarbekov, 2004 — *Omarbekov T., Omarbekov Ş.T. Qazaqstan tarihyña jäne tarihnamasynndağy ũlttyq*

közqaras [National approach to the history and historiography of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti, 2004. 388 p. (In Kaz.)

Seidimbek et al., 2012 — *Seidimbek A., Äbjanov H., Salğaraūly Q.* Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы [National idea: historical fate and future]. Astana: Foliant, 2012. 248 b. (In Kaz.)

Stalin, 1952 — *Stalin I.V.* Polnoe sobranie sochineniy [Complete Works]. Vol. 12. Moscow: Publishing House of Political literature. 1952. Pp. 244–245. (In Russ.)

Qazbek, 1999 — Qazbek M., Maimaqov Ğ. Qūpia keñester [Secret tips]. Almaty: Sanat, 1999. 336 p. (In Kaz.)

Qozybaev, 1992 — *Qozybaev M.Q.* Aqtañdaqtar aқиqaty. Oqu qūraly [The truth of excuses: a training manual]. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. 272 p. (In Kaz.)

Qozybaqova, 2011 — *Qozybaqova F.A.* Qazaqstandaғы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920–1930 жж.) [Agrarian Policy of the Soviet administrative-command system in Kazakhstan and its consequences (1920-1930)]. Almaty: Qazaq universiteti, 2011. 185 p. (In Kaz.)

Toqaev, 2022 — Qazaqstan Respublikasy Prezidenti Q.-Zh. Toqaevtyñ «Zhaña qazaqstan: zhañaru men zhañғыru zholy» Qazaqstan halqyna Zholdauy 2022 zh. 1 qyrkūjek. [President of the Republic of Kazakhstan. Zh. Tokayev's address to the people of Kazakhstan «New Kazakhstan: the path of renewal and modernization». September 1, 2022]. <https://www.akorda.kz/kz/> (access date: 05.11.2022). (In Kaz.)

Әдебиеттер

Арендт, 1996 — *Арендт Х.* Истоки тоталитаризма // Пер. с англ. Борисовой И.В. и др.; послесл. Давыдов Ю.Н.; под ред. Ковалевой М.С., Носова Д.М. М.: ЦентрКом, 1996. 672 с.

Голощекин, 1928 — *Голощекин Ф.И.* Отчет Краевого комитета ВКП(б) VI Всеказахской партконференции. Кызыл-Орда: Казгиз, 1928. 74 с.

Қазбек, 1999 — Қазбек М., Маймақов Ғ. Құпия кеңестер. Алматы: Санат, 1999. 336 б.

Қозыбаев, 1992 — *Қозыбаев М.Қ.* Ақтандақтар ақиқаты: Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.

Қозыбақова, 2011 — *Қозыбақова Ф.А.* Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің аграрлық саясаты және оның салдары (1920–1930 жж.). Алматы: Қазақ университеті, 2011. 185 б.

Тоқаев, 2022 — Қазақстан Республикасы Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Қазақстан халқына Жолдауы 2022 ж. 1 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/kz/> (дата посещения: 05.11.2022).

Конквест, 1994 — *Конквест Р.* Соңғы империя // Қазақтар шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. 151 б.

Ленин, 1963 — *Ленин В.И.* Полное собрание сочинений. Т. 41. М.: Издательство политической литературы, 1963. С. 313-339.

Ликвидация, 1928 — Ликвидация остатков феодализма в Казахстане НХК. 1928. № 9-10. С. 25–26.

Махаева, 1995 — *Махаева А.Ш.* Қазақ комитеттері: құрылуы мен қызметінің тарихы (наурыз 1917 ж. – маусым 1918 ж.): т.ғ.к. ... дисс. авторефераты. Алматы, 1995. 29 б.

Нұрпейсов, 1995 — *Нұрпейсов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек, 1995. 256 б.

Омарбеков, 2004 — *Омарбеков Т., Омарбеков Ш.Т.* Қазақстан тарихына және тарихнамасындағы ұлттық көзқарас. Алматы: Қазақ университеті, 2004. 388 б.

Сейдімбек және т.б., 2012 — *Сейдімбек А., Әбжанов Х., Салғараұлы Қ.* Ұлттық идея: тарихи тағдыры мен болашағы. Астана: Фолиант, 2012. 248 б.

Сталин, 1952 — *Сталин И.В.* Полное собрание сочинений. Т. 12. М.: Издательство политической литературы, 1952. 244-245 бб.

Conquest 1990 — *Conquest R.* The Great Terror: Stalin's Purge of the Thirties. London, 1990. 416 p.

Найек, 1944 — *Найек F.A.* The road to serfdom. London and Chicago: University of Chicago Press, 1944. 264 p.

Kindler R., 2018 — *Kindler R.* Stalin's Nomads: Power and Famine in Kazakhstan // Transl. C. Klohr. Pittsburgh, PA: University of Pittsburgh Press, 2018. 328 p. Doi: [10.2307/j.ctv3znxgm](https://doi.org/10.2307/j.ctv3znxgm).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Абылхожин Ж.Б. 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ӘДІСНАМАНЫҢ ЭТАЛОНДЫҚ-НОРМАТИВТІК СТЕРЕОТИПТЕРІНЕ СЫНИ ТАЛДАУ.....	424
Андреев С.Н. КЕҢЕСТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ 1954 Ж. ТЫҢ НАУҚАН.....	439
Панто Д., Калыбекова М. ХАЛЫҚТАРДЫ КҮШПЕН ДЕПОРТАЦИЯЛАУ КСРО ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПОЛЯКТАРЫ.....	453

ТАРИХ

Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т. ЕДИГЕ БИДІҢ ҰЛЫҚ ҰЛЫС (АЛТЫН ОРДА) ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ.....	464
Берлібаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жұбанышов Б.Т. XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АСТЫҚ, ЕТ ЖИНАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ.....	479
Гиде ван Каппель ПОЛ АНРИ САПАК СОҒЫС АРАСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢ: ҰЛТШЫЛЫҚ МЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ АРАСЫНДА.....	495
Ерменбаева Г.К., Нұрбаев Ж.Е., Сұлтанғазы Г.Ж. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНДЕГІ САЛЫҚТАР МЕН АЛЫМДАРДЫ ӨНДІРІП АЛУ ЖҮЙЕСІ.....	504
Капаева А.Т., Асанова С.А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫН КЕҢЕЙТУ.....	519
Қозыбаева М.М. 1920 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР.....	532
Ноғайбаева М.С. АЛТЫН ОРДАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....	543
Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М. ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	556
Стамшалов Е.И. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС Өңіріндегі қарулы босқыншылық: себеп-салдары.....	570
Түрсүн Х., Хакан Ас «АҚ ПАТША» РӘМІЗІ ЖӘНЕ РОМАНОВ ӘУЛЕТІ БИЛІГІНІҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДЕ.....	585
Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Марғұлан А. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ РЕТРОСПЕКТИВАСЫ.....	599

АНТРОПОЛОГИЯ

Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р. 2022 ЖЫЛЫНДА АСПАРА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ.....	611
Жалаледин Ш.А. ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТТІК МҰРАСЫ (1980 ЖӘНЕ 2001 ЖЖ. ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕ).....	626

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Абылхожин Ж.Б. КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭТАЛОННО-НОРМАТИВНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОЙ МЕТОДОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ НЕКОТОРЫХ ВОПРОСОВ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АУЛА 1920-Х ГГ.....	424
Андреев С.Н. ЦЕЛИННАЯ КАМПАНИЯ 1954 Г. В СОВЕТСКОЙ И СОВРЕМЕННОЙ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	439
Панто Д., Калыбекова М. НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ КАК ИНСТРУМЕНТ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ СССР: ПОЛЯКИ КАЗАХСТАНА.....	453

ИСТОРИЯ

Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т. РОЛЬ ЕДИГЕ БИ В ИСТОРИИ УЛУГ УЛУСА (ЗОЛОТОЙ ОРДЫ).....	464
Берлибаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жубанышов Б.Т. ПОСЛЕДСТВИЯ ЗАГОТОВИТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ ЗЕРНА, МЯСА В 20-40-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	479
Гиде ван Каппель ПОЛЬ АНРИ СПААК В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД: МЕЖДУ НАЦИОНАЛИЗМОМ И ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМОМ.....	495
Ерменбаева Г.К., Нурбаев Ж.Е., Султангазы Г.Ж. СИСТЕМА ВЗЫСКАНИЙ НАЛОГОВ И СБОРОВ В ОРЕНБУРГСКОМ КРАЕ В XIX ВЕКЕ.....	504
Капаева А.Т., Асанова С.А. ГОЛОД 1921–1923 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: РАСШИРЕНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО РАКУРСА.....	519
Козыбаева М.М. МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В БОРЬБЕ С ГОЛОДОМ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ 1920-Х ГГ.....	532
Ногайбаева М.С. ЭТНИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ.....	543
Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ ХХ ВВ.....	556
Стамшалов Е.И. ВООРУЖЕННОЕ БЕЖЕНСТВО В ЮГО-ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ.....	570
Турсун Х., Хакан Ас СИМВОЛ «БЕЛОГО ЦАРЯ» И 300-ЛЕТНИЕ ПРАВЛЕНИЯ ДОМА РОМАНОВЫХ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЕ.....	585
Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Маргулан А. РЕТРОСПЕКТИВА ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	599

АНТРОПОЛОГИЯ

Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р. НЕКОТОРЫЕ ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ГОРОДИЩЕ АСПАРА В 2022 Г.....	611
Жалаледин Ш.А. НАСЛЕДИЕ СТЕПНОГО ЗОДЧЕСТВА ТОРГАЙСКОЙ СТЕПИ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ 1980 И 2001 ГГ.).....	626

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Abylkhozhin Zh.B.

CRITICAL ANALYSIS OF THE REFERENCE AND NORMATIVE STEREOTYPES
OF THE SOVIET METHODOLOGY IN THE STUDY OF SOME ISSUES OF AUL SOCIO-ECONOMIC
HISTORY IN THE 1920S.....424

Andrenkov S.N.

THE 1954 VIRGIN LANDS CAMPAIGN IN THE SOVIET
AND MODERN RUSSIAN HISTORIOGRAPH.....439

Panto D., Kalybekova M.

FORCED DEPORTATION OF PEOPLES AS A TOOL OF THE NATIONAL POLITICS OF THE USSR:
POLES OF KAZAKHSTAN.....453

HISTORY

Alpysbes M.A., Aleushinov F.T.

THE ROLE OF EDIGE BI IN THE HISTORY OF THE ULUG ULUS (THE GOLDEN HORDE).....464

Berlibaev E., Zhubanyshov B., Shamshidenova F.

CONSEQUENCES OF THE GRAIN AND MEAT PROCUREMENT CAMPAIGN
IN THE 1920S-1940S.....479

Gide Van Cappe

PAUL HENRI SPAAK IN THE INTERBELLUM:
BETWEEN NATIONALISM AND INTERNATIONALISM.....495

Yermenbayeva G.K., Nurbayev Zh.Ye., Sultangazy G.Zh.

THE SYSTEM OF COLLECTING TAXES AND FEES IN THE ORENBURG REGION
IN THE 19TH CENTURY.....504

Kapayeva A.T., Asanova S.A.

THE FAMINE OF 1921–1922 IN KAZAKHSTAN: EXPANDING THE RESEARCH PERSPECTIVE.....519

Kozybayeva M.M.

INTERNATIONAL ORGANIZATIONS IN THE FIGHT AGAINST FAMINE IN KAZAKHSTAN
IN THE EARLY 1920S.....532

Nogaibaeva M.S.

ETHNIC PROCESSES IN THE GOLDEN HORDE.....543

Sandybayeva A., Dinasheva L., Tastanbekov M.

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE CITY OF TURKESTAN
(SECOND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES).....556

Stamshalov Y.I.

ARMED REFUGEES IN THE SOUTH-EASTERN REGION OF KAZAKHSTAN IN THE 1930S:
CAUSE AND EFFECT.....570

Tursun Kh., Khakan As

THE SYMBOL OF THE "WHITE TSAR" AND THE 300TH ANNIVERSARY OF THE REIGN
OF THE ROMANOV DYNASTY IN THE NATIONAL PRESS.....585

Ualtayeva A.S., Apendiyev T.A., Margulan A.

RETROSPECTIVE OF THE URBAN POPULATION OF KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S.....599

ANTHROPOLOGY

Buranbayev R.N., Kamaldinov I.R.

SOME RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE ASPARA SETTLEMENT IN 2022.....611

Jalaledin Sh.A.

THE LEGACY OF THE STEPPE ARCHITECTURE OF THE TORGAI STEPPE (BASED ON THE RESULTS
OF FIELD STUDIES IN 1980 AND 2001).....626

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10(3)

*Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.*

Жарияланған күні: 28.09.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй